

**"Мұнай өнімдерін өндіру жөніндегі кіші тоннажды қондырғы орнату"  
инвестициялық жобасын жүзеге асыру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 17 маусым N 668. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.06.26. N 878 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасын немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорнының "Агротекс" чех фирмасымен Қарашығанақ кен орнында мұнай өнімдерін өндіру жөнінде кіші тоннажды қондырғы орнатуға жасаған контракттысы мақұлданын.
2. "Агротекс" чех фирмасының беріп тұратын жабдықтары мен көрсететін қызметін қаржыландыру Чехословакия сауда банкі 10 миллион АҚШ доллары сомасында беретін кредиті шеңберінде жүргізілсін.
3. "Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне барлық қажет кепілдіктерді беретін болсын.  
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Чехословакия сауда банкіне төлем міндеттемелері бойынша белгіленген тәртіппен Үкімет кепілдігін берсін.
4. Қазақстан Әлем Банкі 10 миллион АҚШ доллары сомасында кредит бөлетіні туралы Чехословакия сауда банкімен жеке кредиттік келісім жасасын.
5. "Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорны Қазақстан Әлем Банкімен жеке кредиттік келісім жасайтын болсын.
6. "Конденсат" акционерлік бірлескен кәсіпорны өз өнімдерінің экспорттық берілімдері есебінен проценттік өсірілім мен басқа да қосымша шығындарды ескере отырып, кредиттің белгіленген мерзімде өтелуін қамтамасыз етсін.
7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі газ конденсаты өнімдерін кредитті өтеу мен қосымша шығындарға төлем жасауды қамтамасыз ететін көлемде экспорттық беріп тұруға жыл сайын квоталар мен лицензиялар бөлінуін қамтамасыз етсін.
8. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне жобаның жүзеге асырылуы мен кредит бойынша дер кезінде

төлемдер жасалуын бақылау жүктелсін.  
Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ